

ҚАРАҚАЛПАҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖІКТЕЛУІ

Алламбергенова И.Х.

Қарақалпақ мемлекеттік Университеті, Қарақалпақ әдебиеті кафедрасы
Доцент PhD

Алламбергенова И.Х.

Каракалпакский государственный университет, кафедра Каракалпакской
литературы доцент PhD

Allambergenova I.X.

Karakalpak State University, Karakalpak literature department Associate Professor
PhD

Аңдатпа: Бул мақалада карақалпақ аңыздарының үйреніліуі ізерттеліуі мәселелеріне арналған. Қарақалпақ және қазақ халық аңыздарының, тақырыптық ерекшеліктері жөнінде сөз етілген. Соның мен бірге фольклордағы аңыз әңгімелердің орны, жанрлық жағынан ертегілерге уқастығы жөнінде де айтып өтілген.

Тірек сөздер: Ауыз әдебиеті, аңыз, әңгіме, тақырыптық жіктеліуі.

Аннотация: Статья посвящена изучению и изучению легенд каракалпака. Речь идет о тематических особенностях каракалпакских и казахских народных сказаний. Вместе с тем, рассказано о месте сказок в фольклоре, о жанровом отношении к сказкам.

Ключевые слова: Устный литература, легенда, рассказ, тематическая классификация.

Abstract: The article is devoted to the study and study of the legends of Karakalpak. We are talking about the thematic features of Karakalpak and Kazakh folk tales. At the same time, it tells about the place of fairy tales in folklore, about the genre attitude to fairy tales.

Keywords: Oral literature, legend, story, thematic classification.

Кіріспе

Ауыз әдебиетте аңыз-әңгімелер елеулі орын алады. Өйткені әуел баста жазу, баспасөз шықпай, дамымай тұрғанда ел басынан өткен тарихи уақиғалар, ел басқарған адамдар, айнала қоршаған табиғат құбылыстары жайындағы мәліметтер мен ұғымдарды ауызекі сөзбен баяндайтын бұл халық шығармаларының өмір танытарлық мәні, маңызы үлкен. Онда әлденеше ұрпақ өкілдерінің бастан кешкен уақиғалары, көргені мен естігені, екінші сөзбен айтқанда тәжірибесі жинақталған, қорытылған.

Аңыз-әңгімелер жанрлық жағынан ертегілерге және Тарихы жанрларға жақын. Алайда ертегілерде қиялдан шығарылған фантастикалық уақиғалар, жын-сайтан, дію-пері, мыстан, жезтырнақ, жалғыз көзді жалмауыз секілді жасанды, құбыжық кейіпкерлер басым болса, аңыз-әңгімелерде реалистік уақиғалар, Тарихы адамдар басым.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми мақалаға рус, өзбек, қарақалпақ және қазақ алымдарының ғылыми кітаптарынан пайдаланылды. Атап айтқанда В.К.Соколова, К.В.Чістов, У.Жуманазаров, С.Қасқабасов кітабындағы деректер назарға алынды.

Мақаланы жазу барысында теориялық материалдарды зерделеу және жүйелеу, талдау, қорыту әдістері пайдаланылды.

Аңыз-әңгімелерді мазмұнына, тақырыптарына қарай жіктеу орыс фольклортану ғылымында ХХ ғасырдан басталады. Аңыздардың тақырыбы туралы фольклор зерттеушілері орталығына әркілі пікірлер орын алған. Мәселен, В.К.Соколова аңыздардың факттерге негізделгендігін есепке алып, оны тарихі және белгілі орындар, объекттерге байланысты аңыздарды топонімдік деп үлкен екі түрге бөліп қарайды. Ол бірінші топардағы аңыздарға тарихі оқиғаларға қатнасқан адамдар және тарихта ат қалдырған жеке тұлғалар хақындағы аңыздарды жатқызады да, екінші топарға тарихі оқиғалармен байланысты болған ауыл-ел атауларының келіп шығуын сөз ететін мекен, жай орындары, шіркеу атауларына дерек аңыздарды кіргізеді. [5.273] К.В.Чістов табиғаттан тыс күштер қатысатын аңыздардың алыс дәуірлік қалыптасу сатыларын есепке алып, оларды тарихі, космогониялық, этнонимдік зоогониялық (хайуандарға байланысты I.A), топонімдік, ландшафттық және т.б. деп бірнеше түрлерге бөліп үйренуді ұсыныс етеді [7.23]. Өзбек зерттеушілері де аңыздарды тарихі және топонімдік түрлерге бөліп тақырыптық өзгешеліктерін анықтап берген [3.179] У.Жуманазаров «Өзбек фольклорі ва тарихій воқәлік» деген монографиясында рауаяттарды (аңыздарды-I.A) үш түрге бөледі. Олар этнонимдік, топонімдік, тарихі, топонімдік деп белгіленген [2.179]

Қазақ халық аңыздарының ұлттың тараптарына дерек өзгешеліктерін белгілеуде топонімдік және тарихі аңыздарға қосымша «күй аңыздар», «шешендік сөздер», шежірені де кіргізу мүмкін екендігін атап өтеді [4.159]

Университет студенттері үшін арналған кітапта қазақ аңыздарын тарихі(оқиғалар, адамдар), жер-су аттары, эпсана-әлем жаратылысы, рутайпалар, т.б аңыз-әңгімелер сақталған. Қазақ аңыз-әңгімелерінде кездесетін кейіпкерлер: Мухаммед пайғамбар, Әзіреті Әлі, Тақ Сүлеймен, Қыдыр әулие, Рашіт патша, баруан қыз Даріха, Әзірет Әлінің баласы Мәді, тағы сондайлар. [6.83]

Түркмен фольклортанушылары аңыздарды ұлттық талаптарға сәйкестендіріп үш түрге бөліп зерттейді. Онда «тарихі рауаяттар», «топонімдік рауаяттар», «этиологик рауаяттар» сияқты тақырыптық өзгешеліктерге іе аңыздар өз алдына ажыратылып үйреніледі [1.119]. Көріп тұрғанымыздай аңыздардың тақырыптың бөлінулері әрқыйлы болып, олар көбірек ұлттық факторлар негізінде өзгерістерге ұшырап отырады. Қарақалпақ аңыздары да өзіне тән ұлттық сипаттарға іе болған халықтық сюжеттерімен дараланып тұрады.

Бұдан шығатын қорытынды: аңыз-әңгімелердің түрлері көп және оларды жүйелеуде жетекші фольклоршылар әзір бір пікірге, бір тұжырымға келе қойған жоқ.

Жоғарыда аталған тақырыптар қарақалпақ және қазақ аңыз-әңгімелерінде де бар. Атап айтқанда, қарақалпақ және қазақ халық аңыздарында тарихі (уақиғалар, адамдар), жер-су аттары, ру-тайпалар, т.б. туралы аңыз-әңгімелер сақталған.

Солай етіп қарақалпақ халық аңыздарын этнонимдік, топонимдік, тарихі аңыздар деп үш түрге бөліуге болады. Қарақалпақ халық аңыздарының ішінде этнонимдік аңыздар ерекше салмақты орынды іелейді.

Қауым, ру атамаларының аңыздық көріністері тек ауызша дәрекертермен шектелмейді. Олардың кейбіреулері жазба дәрекертерден орын алған.

Қарақалпақ халық аңыздарында қауымдар, рулар, ру тірелері, таңбалары, ұрандары жөнінде көп ғана аңыз, әңгімелер орын алған. Мәселен, қолдаулы, қара мойын, қандеклі, қазаяқлы, қыят, нөкіс, қостамғалы, кенегес және т.б. атамаларда рулардың не тірелердің келіп шығуын, өзгешеліктерін анықтауға бағдарланған ауызекі түсініктер берілген. Бұлар тарихі көзқарастан да, әдебі эстетикалық көзқарастан да үйрену үшін мағлуматтар беретін мазмұндарға іе.

Топонімдік аңыздарда ел, жер, қала, ауыл, өзен, көл, тау, теңіз атауларының не себепті солай айтылатындығы түсіндіріліп, ол атаулар халқымыздың ұзақ уақыттар бойы басып өткен жолдарымен, күнделікті тұрмысымен тығыз байланыста екендігі баян етіледі. Топонімдік аңыздарда ел, жер, қала ауыл, өзен, көл, тау, теңіз атауларының не себепті солай айтылғандығы түсіндіріліп, ол атаулар халқымыздың ұзақ жылдар бойы өткен жолдарымен, күнделікті тұрмысымен тығыз байланыста баяндалғандығы анықталады.

Топонімдік аңыздар жергілікті, шегараланған оқиғалар немесе жағдайлардың нәтижелері болып объектті барынша анықтап беруге қаратылады. Осындай аңыздардың қатарына «Аяз қала», «Гүлдірсін», «Төк қала», «Шымбай», «Қоңырат», «Шоманай» және тағы басқа бір қатар қала аттарына деректі этнонімдік әңгімелерді жатқаруымыз мүмкін. «Гүлдірсін» аңызы қарақалпақтар арасында ең танымалы, кең тараған аңыздардың бірі.

Уақиға «Хорезм елінде Гүлістан деген абат ел, суға мол қала болады. Оның кәрі патшасының Гүлдірсін деген қызы болады»,-деп басталады. Мұнда конкрет ел қала аты және сол елдің патшасының аухалы, қызы жөнінде хабар (інформация) беріліп аңыздың оқиғаның басталуына негіз салынады. Соң оқиғаны дамытушы фактор бұл тыныш-тату елге монғол басқыншыларының бастырып келуімен жалғасады. Бұл аңызды топонімдік аңыздардың жарқын үлгісі дәрежесінде тән алу тиіс. Сондай-ақ «Бағдат», «Аязхан туралы аңыз», «Шымбай» аңыздары да осы түрге кіреді.

Топонімдер адам аттарымен байланыста, тарихі қоғамдық оқиғаларға сәйкес мазмұндарға іе болады. Топонімдерде белгілі бір объектің табиғі көріністеріне (үлкен, кіші, түр-түсі, көлдердігі құстар, су өсімдіктері және т.б.) назар аударылып, гідронімдік атаулар қолданылады.

Таріхі аңыздар көбінесе таріхі оқиғалардың шиеленіскен жағдайларында, мемлекеттік немесе рулық бірлеспелердің пайда болған уақыттарында немесе сол үлкен ұйымға сыртқы қауіп төнген сәттерінде, ішкі алауыздықтардың күшейген тұстарында жүзеге келеді.

Жумақтап айтқанда аңыз-әңгіме – ерте кезде өткен таріхі уақиғалар мен таріхі адамдар жайында баяндайтын, атақты жер-сулардың, қалалардың қалай пайда болғанын түсіндіретін, қарасөзбен ауызекі таралған сюжетті эпикалық шығарма.

Әдебиеттер

1. Баймырадов А.Түркмен фольклор прозасының тарихы. Ашхабад, «БІЛЫМ», 1982
2. Жуманазаров.У. Ўзбек фольклорі ва таріхій воқелік. Т. 1993
3. Імомов К, Мірзаев Т, Сарімсақов Б, Сафаров. О.Ўзбек халқ оғізакі поэтік іжоді. Т, «Ўқітувчі», 1990
4. Каскабасов С. А Казахская несказочная проза, Алма-ата, «Наука», 1990
5. Соколова.В.К.Русские історіческие преданія. М 1970
6. Ш.А.Смамутова., Б.Т.Оразов Қазақ фольклоры. Нөкіс «Ілімпаз» 2023
7. Чістов К.В. Прозоіческие жанры в сістеме фольклора. В.кн: Прозоіческие жанры фольклора у народов СССР, Мінск, 1974.